



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

своевременное возбуждение уголовного дела, разумное в сроках и полное раскрытие преступлений, выявление виновных, а также грамотное применение мер пресечения. Стоит обратить внимание на воспитательные колонии, которые специфическим образом решают задачу предупреждения преступлений среди несовершеннолетних. Они направлены на исправление и перевоспитание несовершеннолетних, хотя это довольно сложный и противоречивый процесс. [5, 111]

В заключении хотелось бы отметить, что предупреждение преступности среди несовершеннолетних так и остаётся наиболее значимой задачей на сегодняшний день. Эта задача состоит, прежде всего, в снижении уровня преступности среди подростков, недопущении влияния несовершеннолетними преступниками на своих сверстников и пополнения ими рядов взрослых преступников. Необходимо постоянно совершенствовать методы и формы работы ОВД, уделять должное внимание их кадровому обеспечению и материально-техническому снабжению.

#### **Литература:**

1. Антонян, Ю. М. Преступность среди женщин / Ю. М. Антонян. – М. : Росс.право, 1992. – 256 с.
2. Антонян Ю. М. Причины преступного поведения. — М.: Академия МВД РФ, 1992. — 207 с.
3. Башкатов И.Л. Психология групп несовершеннолетних правонарушителей. -М., 1993. –63 с.
4. Ветров Н. И. Профилактика правонарушений среди молодежи. М., 1980. – 200 с.
5. Гурьева В. А., Гиндикин В. Я. Юношеские психопатии и алкоголизм. — М.: Медицина, 1980. — 272 с.
6. Жигарев Е.С. Административная деликтность несовершеннолетних: понятие, виды и ее профилактика. Монография / Е.С. Жигарев - М.: Изд-во МВШМ МВД РФ, 1992.

ӨОЖ 343.3/7

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Сакенов Сагидолла Ерсайнұлы**

**[Sagidolla.sakenov@mail.ru](mailto:Sagidolla.sakenov@mail.ru)**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Э.А. Ашимова

Қазіргі ХХІ ғасырды көптеген зерттеуші ғалымдар «ақпарат пен ақпараттық технологиялардың ғасыры» деп айтатынын күнделікті қоғам арасында жиі естітініміз шындық. Инновациялық ІТ-технологиялар дамыған осы заманда ақпарат - адамдар мен ұйымдар үшін ғана емес, тіпті мемлекет үшін де орасан зор маңызға ие.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына арнаған соңғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауының негізгі бес басымдықтарының ішінде «Бесінші басымдық – институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты» бөлімінде «Киберқылмыспен күрестің өзектілігі барған сайын арта түсуде. Үкімет пен Ұлттық қауіпсіздік комитетіне «Қазақстан киберқалқаны» жүйесін қалыптастыру шараларын қабылдауды тапсырамын.», - деп нақты тапсырма берген болатын [1]. Елбасымыздың өзі ақпараттандыру және байланыс саласындағы өршіп келе жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін осындай қадамдарды қолдануға барып отырғанына қарағанда, бұл әлемдік қауымдастықты аландатып отырған осындай қылмыстық құқық бұзушылықтардың еліміздің аумағында көрініс таппауы үшін алдын ала жүргізіліп отырған сақтандыру шарасы сияқты көрінеді.

Қазіргі таңда ақпарат қоғам өмірінің алғашқы негізі, қоғам қызметінің нәтижесі мен өнімі болып табылады. Ақпаратты құру, жинақтау, сақтау, беру және өңдеу оны өндіру құралдары: электронды есептеу техникасы, телекоммуникация құралдары мен байланыс жүйесі аясындағы үдерісті ынталандырады. Осы аталғандардың барлығы адам қызметінің әртүрлі салаларындағы ақпараттық үдерістерді жүзеге асырудың әдістері мен құралдарының жиынтығы болып табылатын, жаңа ақпараттық технологиялардың анықтамасының ауқымды ұғымына кіреді. Яғни, ақпарат қоғамдық қатынастардың өніміне айнала отырып, тауар қасиетіне ие болып, сатып алу сатудың заты ретінде қарастырылады. Жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болуы мен қалыптасуы, ескі қатынастардың өзгеруі қоғамда орын алып отырған ақпараттық үдерістердің салдары болып табылады. Қазіргі кездің өзінде-ақ ақпаратты әртүрлі нысанда: ғылыми-техникалық құжаттарда, электронды есептеу технологияларын, мәліметтер базасын, мәліметтер базасын басқару жүйесін бағдарламалық қамтамасыз ету, дайындау, беру, жинақтау және пайдаланумен байланысты шартты қатынастардың елеулі мөлшерде артуын байқауға болады [2].

Ғылыми-техникалық революция ағымы қоғамда маңызды әлеуметтік өзгерістер әкелді, соның ішінде басты қоғамдық қатынастар мен ресурстардың жаңа түрі - ақпараттық қатынастар. Олардың алғашқыда болған ресурстардан бірқатар ерекшеліктері бар:

- 1) олар тұтынылмайды және физикалық емес, моральдік қабылдауға жатады;
- 2) олар өз мәні бойынша материалды емес және белгілі физикалық кейіпті ала алмайды, тек арнайы физикалық тасығыштарда сақталады;
- 3) оларды пайдалану басқа ақпарат көздерін пайдалануды азайтады, соның арқасында уақыт пен құралдарды үнемдеуге жақсы мүмкіндік береді;
- 4) оларды жасау және пайдалану процесі ерекше жолмен, яғни компьютерлік техникамен жүзеге асырылады.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қарастыру барысында ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңы, ҚР «Ақпараттандыру туралы заңдарына» сілтеме жасап, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігін ашатын ұғымдарға тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы №217 Заңына сәйкес:

- 1) ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс;
- 2) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;
- 3) ақпараттық-коммуникациялық желі – ақпараттық жүйелер арасындағы немесе олардың құрамдастары арасындағы өзара іс-қимылды, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды беруді қамтамасыз ететін техникалық және аппараттық-техникалық құралдардың жиынтығы;
- 4) ақпараттық процестер – ақпаратты құру, жинау, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздеу, тарату және тұтыну процестері;
- 5) ақпараттық технологиялар – әдістердің, өндірістік процестердің және ақпаратты жинауды, құруды, сақтауды, жинақтауды, өңдеуді, іздестіруді, шығаруды, көшірмесін түсіруді, беру мен таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы;

6) компьютерлік оқиға – ақпараттық жүйелердің, ақпараттық ресурстардың, ақпараттық-коммуникациялық желілердің тиісінше жұмыс істеуіне қауіп төндіретін және (немесе) олардың айналасындағы ақпаратты заңсыз алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, түрлендіру, жою немесе бұғаттау үшін жағдай жасайтын, олардың жұмысында жекелеген немесе сериялы түрде туындайтын олқылықтар. Аталған заңның 3 бабының 1 тармағына сәйкес, электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жұмыстар мен электрондық қызметтер көрсету ақпараттандыру объектілері болып табылады [3].

Қоғамдағы жүріп жатқан ақпараттық процесстердің нәтижесі болып жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болуы мен қалыптасуы немесе өзгеруі табылады. 1974 жылы нарықта

компактілі және салыстырмалы қымбат емес персоналды компьютерлердің пайда болуы шексіз тұлғалар шеңберіне ақпараттық ағымдарға қосылуына мүмкіндік берді. Бұл жерде ақпаратқа, оның сақталуына және сапалылығына қатысты қол жетімділікті бақылау туралы мәселе туындады. Ұйымдастырушылық шаралар және де қорғаудың бағдарламалық және техникалық құралдар толыққанды тиімді болмады. Бұның себебі жаңа техникалар мен технологиялардың кез келген тұлғаға қолжетімді болуы және жеңіл оларды пайдалануда. Жаңа техникалардың тез дамып, қоғамға енуінің жылдамдығына және адамдардың оларды теріс мақсатта пайдалану аяласын табуы ағымына, қылмыспен күрес жүргізу инстанцияларының әрқашан бірнеше қадам арта қалуы жаңа ғасырдың үлкен кемшілігі болып отыр және бұл екі үрдістің осы жылдамдықта қозғалуы ұзақ уақыт өзгеріссіз. Уақыт өте келе арақашықтық алшақтап келеді, оның пайдасы тек қылмыскерлердің қанжығасында. Қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы қарама-қайшылықтардың өткірленуі, құқық қорғау органдары жүйесінің жиі реформалануы, заңнаманың жетілмеуі және жиі өзгерістерге ұшырауы, құқық қолдану тәжірибесіндегі орын алған кемшіліктермен байланысты осы салада қылмыстылықтың сандық өсуі мен сапалық өзгеруі, әлеуметтік құбылыс ретінде компьютерлік қылмыстылықтың даму үдерісін тездетуге әсерін тигізеді. Компьютерлік қылмыстардың нақты түсінігінің, бұл құбылыстың мәнінің біржақты болмауы, құқық қорғау органдарының онымен күресуге деген бірыңғай тұжырымдамасын нақтылауға кедергі келтіреді. Қылмыстылықтың осы жаңа түрін табу және бақылау міндеттерін шешумен байланысты құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің дайындығы жеткіліксіз болып табылады. Компьютерлерді немесе желілерді пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың қаупі соншалықты адам баласы оны көз алдына елестете алмайды.

Барлық әлем елдері бойынша ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстармен күрес белсенді түрде жүріп жатыр, бірақ күрес өте ауырға түсіп жатыр. Бұл мәселеде туындайтын негізгі қиындық - кадрлік мәселе: жоғары дәрежелі мамандар материалдық себептерге байланысты көбінесе мемлекетке емес жеке компанияларға жұмыс істейді. Компьютерлік қылмыстардың бір қызығы зардап шеккен жәбірленуші қылмысты ашуда және қылмыскерді ұстауда өзінің ынтасын, қызығушылығын білдірмейді, ал қылмыскер, егер ұсталса, қылмысты жасағанын сол мезеттен мойындайды, яғни өзін жарнама ретінде ұсынады, қылмысты кім жасағаны ел құлағына жетсін дейді.

Қылмыстық кодексте осындай ерекшелігі бар басқа қылмыс түрлері кездеспейді. Оның себебі неде? Қылмыскер мен жәбірленушінің бұл әрекеттері немен түсіндіріледі? Біріншіден, компьютерлік қылмыстың жәбірленушісі қылмысты ашуға және оның жариялы болуынан кететін шығын оған қылмыс барысында келтірілген шығыннан асып кететініне сенімді. Екіншіден, қылмыскер бас бостандығынан айыру мерзімінің ең жоғарғы санкциясы шегін (кейде шартты түрде) алғанның өзінде де бизнес немесе қылмыстық ұйымдар арасында аты тарап, сұраныс иесі болады, немесе бас бостандығын айыру орнынан шыққаннан кейін ұрланған қаражатты пайдаланбақшы боламын деген ойда болады.

Соған қарамастан қазіргі кезде криминалистика ғылымында ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымына, түсінігіне қатысты нақты анықтама жоқ, тек оны топтастыруға қатысты әртүрлі пікір ойлар бар. Бұл ұғымдарды беруде қиын жағы осы қылмыстардың бір объектісін көрсету мүмкін еместігінде, сонымен қоса қылмыстың құқықтық қорғау жағынан алғандағы қылмыс заттарының көп еместігінде болып отыр. Шын мәнінде екі негізгі ғылыми ой ағымы бар. Зерттеушілердің бір бөлігі мұндай қылмыстарға ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін құралдар мен техникаларды не объект, не қылмыс құралы болатын әрекеттерді жатқызады. Ал екінші топтағы ғалымдар тек ақпаратты автоматизациялық өңдеу саласындағы заңға қайшы әрекеттерді жатқызады. Олар саралау үшін басты белгі ретінде ерекшеленген топқа жатқызуға мүмкіндік беруді, әдістердің, құралдардың, объектілердің жалпылығын қарастырады. Басқаша айтқанда, қол сұғудың объектісі болып ақпараттық жүйеде өңделетін ақпарат саналады да, ал ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін техника мен компьютерлік құрал-жабдықтар қол сұғудың құралы болады. Бірақ ақпараттың кез келгенін қол сұғушылық объектісі ретінде қарастыру

дұрыс емес, тек қана заңмен қорғалатын, мемлекеттің немесе ұйымның, жеке тұлғаның құпиясын құрайтын, жариялануы барысында мемлекетке, ұйымға, жеке тұлғаға зиян келетін белгілі бір маңызы бар ақпарат қана объект ретінде қарастырылуы тиіс. Көп елдердің заң шығару қызметінде ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу мен саралау осы жолмен дами бастады. Бұл қылмыстардың субъектісі жалпы да және арнайы да болуы мүмкін. Негізінен компьютерлік, ақпараттық қылмыстар қасақаналық кінәмен жасалады, бірақ абайсыздық қылмыстарын да жоққа шығаруға болмайды.

Қазақстандық қоғамда компьютерлік техниканы қолдану арқылы жасалатын қылмыстар қоғамға беймәлім жат қылық, олар тек шетелдіктерге таным әрекет деген стереотиптік ой қалыптасқан. Ұзақ уақыт бойы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тек шетел мемлекеттерінің құқықтық тәжірибесінен ғана кездестіре алатынбыз. Біздің елімізде мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардың аса зор қарқынмен осы уақытқа дейін дамымауының негізгі себептері ретінде ақпараттандыру саласындағы материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігін, қоғамның компьютерлендірілу деңгейінің нашарлығын, ақпараттық технологияларды қоғамдық және өндірістік қатынастарға енгізудің жеткіліксіздігін, байланыс құралдарының заман талабына сай озық үлгілерінің аз болуын және бұл саладағы халықтың басым бөлігінің білім деңгейінің жоғары дәрежеде болмауын көрсеткен жөн. Бұл ретте жоғарыдағы аталған себептердің туындауының түп тамырын еліміздің КСРО құрамында болуымен байланыстыруымыз қажет, себебі Батыс елдерінде қазіргі заманға сай ақпараттандыру және байланыс құралдары жасалынып қолданысқа енгізіліп жатқанда, Кеңес Одағында ЭЕМ-дер әлі қолданыста болатын.

1997 жылғы Қылмыстық Кодексте ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты тек бір ғана 227-бап бар еді. Ал жаңадан 2014 жылы 3 шілдеде қабылданып, 2015 жылдан бастап заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 7-тарауы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға арналған. Мұндай жеке тарау бұрын қолданыста болған қылмыстық кодекстерде болған емес және осы тарауға жататын қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары үшін жауаптылық Ерекше бөлімнің әрбір тарауында арнайы баптар арқылы көрсетілген ретте жүзеге асырылатын. Мемлекетіміздің экономикалық, ғылыми-технологиялық дамуының нәтижесінде бұл саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке тарауға біріктіріп, әрбір қылмыс құрамының ерекшеліктеріне, қоғамдық қауіптілігіне және құқыққа сыйымсыз іс-әрекеттеріне қарай заңдық сипаттама беріліп, жауаптылық негіздері айқындалуы өмір қажеттілігінен пайда болған құбылыс.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 31 қаңтар, 2017 ж.
2. «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы тұру аясындағы мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясаты туралы» Маликова Ш.Б., Ергали А.М.// ҚазҰУ хабаршысы, Заң сериясы №3 (75).
3. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 11 қаңтар, 2007 ж. № 217-III (29.12.2014 ж. өзгерістер мен толықтыруларды қоса).